



АРДАГЕР ЖУРНАЛИСПЕН КЕЗДЕСУ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің кафедра меңгерушісі ретінде атқаратын жұмыс ауқымды болса да, филология факультетінен журналистика мамандығын дайылайтын бөлім ашу арқылы Оңтүстік өңірінде осы бір қиын да жауапты мамандықты даярлауға өзіндік үлес қосқым келді. Университет басшылығы бұл қадамды құп көрді... Өйткені, телевидение мен басылым, радио журналистері өскелең өмірімізде болып жатқан келелі оқиғалармен көпшілікті таныстыру мақсатында көп тер төтетіні – бүгінгі күннің шындығы. Айта кетерлігі, Қазақстанға кеңінен танымал білім ордасының өз студиясы бар.

Жақында «Үлгі болар тұлға» тақырыбында облысымызға танымал, еңбек жолын басылымнан бастап, облыстық радиотелевидение бірлестігінде ұзақ жылдар еңбек еткен «Қазақ журналистикасының қайраткері», «Оңтүстік» телеарна-

сының ардагері, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» және «Ерен еңбегі үшін» медалдарының иегері Шаһаризада Жорабекқызы Дәневамен филология факультеті журналистика мамандығының студенттерімен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу кеші онлайн форматта өтті. Шаһаризада Жорабекқызы қиындығы мен қызығы қатар жүретін журналист мамандығының қыр-сырларын тілге тиек етіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Шымкент қаласындағы Кеңес Одағының Батыры Қ.Сыпатаев мектебінде білім алған Ш.Дәнева Жетісай ауданы, Ленин колхозына мақта теріміне көмекке барғанда, «қаланың ақсаусақтары» деп намыстарына тиген жергілікті мектеп оқушыларымен жарыса «ақ алтын» жинап, үздік атанды. 1972 жылдың сары алтын күзінде 10 сынып оқушысы мектептер тарихында болмаған жетістікке қол жеткізіп, білім ұясының беделін арттырды. Талдырмаш ғана

қағылез қыз КСРО-ның тұсында «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды. Қос бұрымына ақ бантик байлаған оқушының кеудесінде еңбекқорлығын паш еткен медаль жарқырады!

– Журналист болу қыз-балаға оңай емес, әрине. Бірақ, мамандықтың қыры мен сырына қаныққан сайын, газет оқырмандарымен, радио тыңдармандарымен, теледидар көрермендерімен етене араласып жұмыс істеуге қызықты болды! Әсіресе, биіктеп бара жатқан баспалдақтармен батылдана көтерілу-бойға күш-қуат, шабыт береді... Өйткені,

алғашқы жылдары басылымда, содан соң облыстық радио, «Оңтүстік» телеарнада жұмыс істегендіктен, әріптестерім «Три в одном» деп атайды. Алғашқыда таңқалғаным рас, сөйтсем, журналистиканың үш саласында да маңдай тер төккен екенмін... Еңбек жолындағы жетістіктерімнің баспалдақтары бірінен кейін бірі алға қарай сәтті жылжи түскен сайын менің де шабытым артып, өнімді еңбек етуді жөн көрдім.

Жастарға айтарым, үнемі ізденіс үстінде болып, талмай еңбектеніңдер, айналайындар. Берекелі еңбектің наны қашан да тәтті болмақ. Болашақта осы отырған студенттерден біздің ізбасарларымыз, мықты журналистер мен тілшілер шығады деп ойлаймын, – деді журналистика саласында 48 жылдық еңбек өтілі бар Шаһаризада Жорабекқызы жымыяп.

Дәззат ТҰРАБАЕВА,

М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің кафедра меңгерушісі.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН БІРЛІК – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ

1 қыркүйекте Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел алдында Жолдауында мақсатты жоспарын жариялап, пандемия салдарымен күресте бүкіл қазақстандық қоғам үшін ісқимыл бағдарламасын ұсынды.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында өткір мәселелер мен оларды шешу жолдарын қойып отыр. Қасым-Жомарт Кемелұлы бірқатар реформаларды жариялап, ел Үкіметінің алдына жаңа міндеттер қойды. Жеті негізгі бағытқа негізделген жаңа экономикалық бағыт ұсынылды. Бұл-игіліктер мен міндеттерді әділ бөлу, адал бәсекелестік, өнімділіктің өсуі, адами капиталдың дамуы, білім берудің жаңа түріне инвестициялар салу, экономиканы көгалдандыру, негізделген шешімдер қабылдау.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында бесінші мәселе ретінде білім беру саласына тоқталды. Бүкіл өлемде, сонымен қатар, біздің елімізде болып жатқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин талаптарын сақтай отырып, білім беруге дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттілігін атап өтті. Қашықтықтан білім беру жүйесінде жастарымыздың спортпен айналысуын және шығармашылық тұрғыда тұрғысынан ой-өрісінің дамуына басымдық берудің қажеттілігін айтып берді.

Жолдауда білім беру сапасын арттыру мәселесінде келесі істерді: оқушылардың қабілеттерін анықтау негізінде кәсіптік бағдарлау саясатына көшу, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы орта білім беру сапасындағы алшақтықты азайту, аз қамтылған

және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балаларды қолдау бойынша Жол картасын әзірлеу, білім берудің әрбір деңгейі үшін қаржыландырудың ерекше тәртібін енгізу, оқулықтардың сапасын жақсарту, педагогтардың жалақысын арттыру сияқты өзекті мәселелерге айрықша тоқталды.

Мемлекет басшысы ғылыми зерттеулер деңгейін арттыруға және оларды практикада қолдануға назар аударды.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформаларға және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту және уәждеу мақсатында факторлық-балдық шкала енгізілуде, бұл таяудағы екі жылда мемлекеттік аппаратты 25% - ға қысқарту есебінен мүмкін болады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды компьютерлік техникамен және сапалы интернетпен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында қоғамның барлық мүшелерінің бірлігі мен ынтымақтастығы ғана елімізге осы дағдарыстан күшті шығуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

А.ВОЛНЕНКО,

*М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің
Технологиялық машиналар
және жабдықтар
кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор,
Б.ОСПАНОВ,*

*Технологиялық машиналар
және жабдықтар
кафедрасының доценті.*